

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 35 (9353) | 1954 жылғы 14 февраль Жексенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Кәсіпорындарының селоға көмегін күшейтейік

Коммунистік партия мен Совет Үкметі социалистік ауыл шаруашылығының барлық саласын жедел өркендетудің кең программасын жасап берді. Бұл программаның ойдағыдай жүзеге асырылуы таяудағы екі-үш жылдың ішінде халықтың азық-түлік жөнінде, өнеркәсіптің шықсат жөнінде өсіп отырған тілегін барынша толық қанағаттандыруға зор мүмкіншілік туғызады.

Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың өңбекшілері де СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор қуанышпен қарсы алып, оны аброймен жүзеге асыру жолына өздерінің күш-жігерін аямай жұмсауда.

Ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне өнеркәсіп орындарының, транспорт пен мекемелердің коллективтері де өздерінің үлестерін қосуда. Қала кәсіпорындарынан, транспорт пен мекемелерден МТС-ге жұмыс істеу үшін кентен инженерлер, техник-механиктер, агрономдар, зоотехниктер, тракторшылар, қымбайшылар, токарьлар мен слесарьлар жіберілді.

Социалистік ауыл шаруашылығын өркендету міндеттерін ойдағыдай шешуде МТС-тер мен колхоздарға көмек көрсетуге атқарған өнеркәсіп орындары мен транспорт коллективтерінің ынта-жігері барған сайын арта түсіп отыр. Быйыл облысымызда көптен бері бос жатқан тың жерлер астық егуге пайдаланылады. Тың және көптен бос жатқан жерлердің игерілуі егін шаруашылығын ұлғайтуға және оның шығымдылығын арттыруға зор мүмкіндік береді. Осындай күрделі жұмысты атқаруға да кәсіпорындарының коллективтері МТС-тер мен колхоздарға зор көмек көрсеткені анық. Жуырда Петропавл паровоз депосының бір топ комсомолдері мен жас жұмысшылары механизация мектептерінде оқып, тракторшы мамандығын алып, МТС-терде жұмыс істеуге, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету ісіне өз үлестерін қосуды ұйғарды. Сонымен бірге облыстың комсомолдері мен жастарын өздерінен үлгі алып, ауыл шаруашылығын өркендетуге белсене араласуға шақырды. Дәло ком-

масында жағдай дәл осындай. Бұл кәсіпорындарының басшылары қамқорлығына алған МТС-тер мен колхоздарға көмек көрсету ісін осы күнге дейін шындал қолға алған жоқ. Олар қамқорлыққа алған МТС-тер мен колхоздарға барып, көмек көрсету жөнінде шаралар белгілеумен істі тындырып отыр.

Қамқорлығына алған МТС-ке көмек көрсетуге Петропавлдың шағын двигателдер зауытының басшылары да жеңіл-желпі қарап келеді. Бұл зауыттың басшылары Семиолка МТС-не бірлі-жарын материалдар мен құрал-саймандар берумен қамқорлық көмекті тындырған.

Істің жайы қаладағы нан комбинаты мен сыра зауытында да қанағаттанғысыз. Бұл кәсіпорындарының басшылары өздері қамқорлыққа алған шаруашылықтарға өндірістегі еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға мүмкіндік беретін күрделі көмек көрсетуді тіпті ойлайтын да емес.

Қаланың құрылыс ұйымдары МТС-терге зор көмек көрсете алады. Үстіміздегі жылы құрылыс ұйымдары МТС-тер үшін 4 мастерской салуға тиіс. Бұған кәзірден бастап әзірлік жүргізу, құрылыс материалдарын дайындау, оны тасып жеткізу қажет. Алайда, бұл жұмыстың барысы да мүдде төзгісіз күйде. Құрылыс-монтаж басқармасының бастығы Шостақ, мемлекеттік құрылыс-монтаж конторының бастығы Сауран жолдастар мастерской салуға әзірлік жұмыстарын төзгісіз ұзаққа созуда.

Облыстың жергілікті және кооперативтік кәсіпорындарының да ауыл-селоға көмегі нашар. Облыстың жергілікті және отын өнеркәсібі бөліміне (бастығы Соколов жолдас) қарасты комбинаттар мен облыстық кәсіпшілік Советіне (председателі Трушкин жолдас) қарасты артельдер бұл жөнінде мардымды ештеңе істемей отыр. Олар айыр, күрек, шелек, шана, арба, парниктер рамалары сыяқты ауыл-селоға қажетті бұйымдарды жеткілікті мөлшерде өндіре алмай келеді.

СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыруда қаланың ауыл-селоға көмегін күшейтудің маңызы өте зор. Олай болса, кәсіпорындары мен транспорттың, мекемелердің басшылары және партия ұйымдары бұл

## Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін №120 Петропавл селолық сайлау округі

### Нұртас Дәндібайұлы ОҢДАСЫНОВ

Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Фрунзе ауданының «Үшқайық» ауылында, кедей семьяда туған.

1915 жылы Нұртас Оңдасынов ауылдық мектепке түсті, бұл мектепте ол бірақ жыл оқыды, онан кейін әкесімен бірге жалданып жұмыс істеді. Әкесі қайтыс болғаннан кейін, 1918 жылдан бастап Оңдасынов жолдас жұп жуатын орында, кейіннен кірпіш зауытында жұмысшы болып істейді.

1920 жылы Оңдасынов жолдас Ленин комсомолына өтеді, орман техникумының даярлық бөліміне түседі, одан соң техникумның өзінде оқиды.

1926 жылы, орман техникумында оқып жүрген кезде Оңдасынов жолдас партия мүшелігіне қабылданады. Орман техникумын бітіргеннен кейін орман және су шаруашылығы мекемелерінде бірнеше жыл қызмет етеді.

Ол 1930. жылы Ташкенттегі ирригациялық институтқа келіп түседі. Институттың үш курсы бітіргеннен кейін Оңдасынов жолдас жұмысшы факультетінің оқытушысы және директоры болып істейді.

1934 жылдың октябрь айында Оңдасынов жолдас Қазақстанға жіберілді. Мұнда ол алғаш Қазақстан орман шаруашылығы тресті бастығының орынбасары, одан соң бастығы болып қызмет атқарды, ал, 1936 жылдан 1938 жылғы февральға дейін Оңдасынов жолдас Қазақ ССР Егіншілік



Халық Комиссариатының аған егу басқармасының бастығы болып істеді, еңбекшілер депутаттарының Шығыс Қазақстан облыстық Советі атқару комитеті председателінің міндетін атқарды.

1938 жылы Шығыс Қазақстан облысының еңбекшілері Оңдасынов жолдасы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты етіп сайлады. Сол жылы ол республика Халық Комиссарлар Советінің Председателі болып бекітілді, ал, Халық Комиссарлар Советі Министрлер Советі болып қайта құрылғанда Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі болып бекітілді. Мұнда ол кәзір де оқып жүр. 1951 жылы Оңдасынов жолдас СОБП Орталық Комитетінің жанындағы Жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберілді, мұнда ол кәзір де оқып жүр. 1939 жылы Оңдасынов жолдас Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының XVIII съезіне делегат болды. Мұнда ол БК(б)П Орталық Комитетінің Орталық Тексеру Комиссиясына мүше болып сайланды. Ол 1941 жылдан бері ССРО Жоғарғы Советінің депутаты.

Партия мен үкмет Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың жанқиярлық еңбегін жоғары бағалап, оны үш Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және «1941 — 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен наградтады.

Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 120 Петропавл селолық сайлау округінің еңбекшілері Оңдасынов жолдасы ССРО Одағы Жоғарғы Советінің депутатылығына кандидат етіп ұсынды. Оңдасынов жолдас сайлаушылардың сенімін аброймен ақтайды.

## Біркісідей дауыс береміз

Колхоздың орталығындағы үгіт пункті сайлаушыларға лық толды. Оларға үгітші Василова жолдас СОБП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуін оқып берді. Үндеудің әрбір сөзі колхозшылардың жүрегін қуаныш пен мақтаныш сезіміне бөледі.

—Коммунистік партия мен Совет Үкметі үшін, —деді озат сауыншы М. Прокопенко жолдас.—біздің, совет халқының тілегін— бейбіт еңбекті, еңбекшілердің материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесінің үздіксіз өрлеуін қамтамасыз етуден артық қасиетті іс жоқ екенін біз жақсы білеміз. Сондықтан да мен, өзімнің және барлық сайлаушылардың алдағы сайлауда коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға бір-ауыздан дауыс беруім— халқымыздың өмірі бүгінгіден де жарық әрі бақытты бола беруінің кепілі деп есептеймін.

Төл қутуші Богер, малшы Подзовов жолдастар барлық сайлаушыларды ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні халық ұсынған кандидаттарға дауыс беруге шақырумен бірге, мал қыстатуды бұрынғыдан да жақсарту түсіні, сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу жолында жанаямай еңбек ететіндіктерін айтты.

Үндеуді Фурманов атындағы колхоздың колхозшылары мен Асанов МТС-нің механизаторлары да зор қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Г. АБРОСИМОВ,  
Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхоз.

## Жұмысшылардың жаңа міндеттемесі

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіне еңбек вахтасына тұрған темекі фабрикасының коллективі өткен айдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын, 107 процент етіп орындап шықты. Сөйтіп фабрика мыңдаған сомның өнімін жоспардан тыс берді. Коллектив осы айдың өткен 10 күні ішінде 142 мың сомның жоғары сортты товарын өндірді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуі коллектив арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Үндеуге жауап ретінде жұмысшылар өздеріне бұрынғыдан да жоғары міндеттемелер алды. Бұрын күнделікті нормаларын 150 процентке арттырды.



сомолеттері мен жас паровозшыларының патриоттық бастамасы кәсіпорындары мен транспорттың, мекемелердің комсомолеттері мен жастарының арасынан кең қолдау табады. Кәсірдің өзінде 300-ден астам жігіттер мен қыздар тракторшылар даярлайтын курстарға жіберуді, одан кейін ауыл-селоға, МТС-терге жұмысқа жіберуді сұрап, арыз берді.

Осымен бірге қаланың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары мен транспорт коллективтері МТС-тер мен колхоздарды өздерінің қамқорлықтарына алды. Олар кәсір өздерінің қамқорлығына алған МТС-тер мен колхоздарға қажетті көмекті көрсетіп келеді.

Мұндай кәсіпорындарының қатарына Петропавл паровоз және вагон деполары қосыла бастады. Бұлар қамқорлығындағы МТС-тер мен колхоздарға едәуір материалдық-техникалық көмек көрсетті, оларға өндірісті механикаландыруға қажетті құрал-саймандар жасап және жөндеп берді. Сондай-ақ, аталған кәсіпорындары социалистік жарысты ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізу жөнінде де өздері қамқорлыққа алған МТС-тер мен колхоздарға бір талай көмек көрсетіп отыр.

Қаладағы Киров атындағы заводтың коллективі Приешім ауданындағы Ленин атындағы МТС-ті қамқорлығына алған болатын. Өткен мерзім ішінде завод коллективі аталған МТС-ке едәуір көмек көрсетті. Мысалы, завод МТС-ке генератор жөндеп берді. МТС мастерскойың қажетті құрал-саймандармен, электр материалдарымен толық жабдықтады.

Бірақ, ауыл-селоға көмек барлық жерде бірдей жақсы ұйымдастырылып отырылған жоқ. Бірысыра кәсіпорындары мен мекемелердің партия ұйымдары мұндай аса маңызды іске әлі күнге жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Жылу-электр орталығында, арақ-шарап заводында, «Главмуканың» Петропавл завод басқар-

ушыларының қажетін терең зерттеп, оны толық қанағаттандырып отыруы қажет.

Кәсіпорындарының, транспорттың және мекемелердің басшылары, партия ұйымдары колхоздар мен МТС-терге көмек көрсету ісіне үнемі көңіл бөліп, бұл жөнінде белгіленген шараларды барлық жағынан мінсіз орындап отыруға тиіс.

Қала кәсіпорындары ауыл шаруашылығына үлкен көмек көрсете алады. Аталғанда, олардың колхоздар мен МТС-терге тракторлардың қосалқы бөлшектерін, радиаторлар, жемшөп өңдегіштер шөп маялағыштар, дән тазалайтын, трансаялар қазатын машиналар, вагоншалар жасап беруге толық мүмкіншілігі бар. Сондықтан бұл істі тез қолға алып, колхоз өндірісіндегі күрделі жұмыстарды механикаландыруға нақтылы көмек көрсету керек. Бұл — кәсіпорындары партия ұйымдарының зор ісі болып табылады.

Быйыл облысымызда мыңдаған гектардың жерлер игеріледі, бұл үшін көп жаңа қуатты тракторлар алынады деді. Мұның өзі көптеген маман тракторшыларды керек етеді. Осыны жете түсінген кәсіпорындарының жүздеген ұлдары мен қыздары паровоз депосының комсомолеттері мен жастарының шақыруын қызу қостап, тракторшылар даярлайтын механика мектептеріне оқуға, одан кейін МТС-терге жұмыс істеуге жіберуді сұрап, арыз берді. Бұл — игілікті бастама. Кәсіпорындарының партия, комсомол ұйымдары оны ілгері дамытып, МТС-терге тракторшыларды, комбайншыларды және басқа да мамандарды көптеп жіберу ісімен ерекше шұғылданулары керек.

Ауыл-селоға қаланың көмегін күшейтіп, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне келелі үлес қосайық!

## Ауыл шаруашылығы үшін

СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілген міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, Мамлют механикалық-жөндеу зауытының коллективі өткен жылы ауыл шаруашылығы үшін өнім шығаруда айтарлықтай табыстарға жетті. Мұнда өнім шығарудың жылдық жоспары 109 процент орындалды. Бұл 1950 жылғы шығарылған өнімнен екі есеге жуық артық.

Осы сияқты, зауытта еңбек өнімділігін еселеп арттыруға мүмкіндік беретін рационализаторлық ұсыныстар енгізушілердің қатары барған сайын көбейеде. Өткен жылы мұнда 41 рационализаторлық ұсыныс енгізілді. Зауыт бұдан ондаған мың сом пайда тапты.

Кәсір зауыттың жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері бүкілхалықтық мереке — ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, ауыл шаруашылығы үшін өнімді көп шығару жолында қажырлы еңбек етіп жатыр. Зауыттың жұмысшылары еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр.

Мәселен, ұста И. Сысоев, тоқарь А. Зянов, үлгі қушылар М. Евдокимов, В. Савицкий жолдастар өз ісінің техникасын жете меңгеру, өндіріс құрал-жабдықтарын тиімді пайдалану нәтижесінде кәсірдің өзінде 6—7 жылдық нормасын орындап шықты. Осымен қатар, көптеген озат жұмысшылар еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға зор мүмкіншіліктер тудырады.

Үстіміздегі жылы зауытта ауыл шаруашылығы үшін өнім шығару өткен жылмен салыстырғанда 62,8 процент ұлғайтыналы отыр. Өткен жылы завод үлкен цистерналар, универсалдық «С-11» тіркеулері, шөп үйреткілері мен шөп жыйнағыш-маялағыштар шығаруды, дизельді тракторлардың моторларын жөндеуді меңгерген болатын. Быйыл өнімнің бұл түрлерін шығару ұлғайтыналы отыр.

Бұл күндері завод коллективі өндіріс мүмкіншіліктерін сарқа пайдаланып, ауыл шаруашылығы үшін өнім шығару жөнінде алға қойылған осындай күрделі міндеттерді орындау жолында еселенген жігермен еңбек етуде.

И. РЫБАКОВ.

Совет ауданы, Сталин атындағы колхозда мал қыстату маусымы ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Фермадағы барлық малдың қоңы ортадан жоғары. Мал азығы ұқыпты жұмсалады. Оның норма бойынша нәрлендіріліп берілуіне жете назар аударылады. Қыс айларында сауын сыйырлардан сауылатын сүттің мөлшері жаздағыдан кеміей келеді. Осының арқасында колхоз өткен жылы мемлекетке сүт тапсыру жоспарын асыра орындаған болатын. Кәсір колхоздың мал өсірушілері СОБП Орталық Комитетінің сайлаушыларға арнаған үндеуіне іс жүзінде жауап беру үшін еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

Сауын сыйырлар мен өткен жылы туған бұзаулар тәулігіне төрт-бес рет азықтандырылады және екі рет суарылып, белгіленген уақытта сәруенге шығарылады. Ерекше күтімге қойылған сауын сыйыра берілетін күнделік азық-рационы 15 килограмм сүрленген шөп, 7 килограмм бидайық, 4 килограмм кон-

центрат және 4 килограмм сабан. Сыйырдың бұзаулауына он күн калғанда ол арнаулы күтімге қойылады.

Сыйырды жиі сауу және желінін сүртіп отыру, оның сүттілігі артуына көп себеп болады. Сыйыр бұзаулағаннан 6—7 күн өткеннен кейін күн сайын алынатын сүт мөлшерінің артуы тоқталғанына рақиян ішінде сүр шөп пен концентраттың көлемі көбейтіле беріледі. Сыйыр бұзаулағаннан 5 күн өткеннен кейін онан алынатын сүттің әрбір литр қосылуына қарай, 3 килограмм сүр шөп, 0,5 килограмм концентрат беріледі.

Колхоздағы сыйыр малы фермасын Тоқшындағы мал өсірушілер мектебін бітірген жас маман П. Давыденко жолдас басқарады. Ол малшылар арасында еңбек тәртібін нығайтуға, күнделік жұмыс тәртібінің ойдағыдай орындалуына бақылау жасап отырады. Сыйыр малының зоотехникалық-малдәрігерлік ережеге сай күтілуіне көңіл бөлумен қатар, малшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайлары

## Мәдени-ағарту мекемелері сайлауға әзірлік күндерінде

Кәсір ұлан-байтақ еліміздің барлық жерлерінде осы жылғы 14 мартта өткізілетін отырған ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік күн санап кең өріс ала түсуде. Бүкіл совет халқымен бірге облысымыздың еңбекшілері де өкмет билігінің жоғарғы органын сайлайтын мерекелі күнді өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу жолындағы күреске ұштасып, сайлау күніне лайықты тартулар әзірлеуде. Жергілікті партия, совет орындары бұқараны партияның XIX съезі және СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді аброймен орындауға жұмылдыра отырып, сайлау науқаны кезіндегі үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын идеялық жоғары дәрежеде кеңінен өрістете жүргізу мәселесіне жете көңіл бөлуде.

Ауыл-селодағы идеологиялық жұмыстардың орталығы болып саналатын мәдени-ағарту мекемелерінің көпшілігі сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуде жергілікті партия, совет ұйымдарына іс жүзінде нақтылық көмек көрсетуде. Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері мен активтері сайлауға байланысты ұрандар, колхоз, совхоздың өміріндегі соңғы жылдар ішінде болған өзгерістерді бейнелейтін плакаттар мен диаграммалар даярлауға, сайлаушылар арасында саяси-үгіт жұмыстарын жүргізуде.

Мәселен, Полудень ауданындағы Сергеевка селолық оқу үйінің меңгерушісі Романенко жолдас оқу үйінің жұмысын село еңбекшілерінің өскелең мәдени тілегіне сай жүргізіп келеді. Сонымен бірге ол сайлау науқаны басталғаны сайлаушылар арасында советтік сайлау системасы туралы бірнеше рет әңгіме өткізді. Романенко жолдас өзінің әңгімесін селоньң өмірімен ұштастырып отырады, ал әңгіменің соңында сайлаушыларды ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін еңбек

майданында өндірістік жаңа зор табыстармен қарсы алуға шақырады. Романенко жолдас сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізуде жергілікті партия ұйымына іс жүзінде көмек көрсетіп келеді.

Сайлау науқанына ойдағыдай әзірленуде, ССРО Конституциясы мен советтік сайлау системасын түсіндіруде, еліміздің азаматтарының праволары мен міндеттерін түсіндіруде партия ұйымдарына көмектесу — мәдени-ағарту мекемелерінің жауапты және абройлы міндеті болып саналады. Облысымыздың көптеген мәдени-ағарту мекемелері өздерінің жұмысын осы міндеттер дәрежесінде ұйымдастырып отыр.

Мысалға Совет МТС-нің клубын алайық. Клуб үйі ұрандармен, плакаттармен безендірілген. Мұнда сайлауға әзірлік басталғаны бесжылдық жоспар, ССРО азаматтарының праволары туралы лекциялар оқылып, «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереже» жөнінде әңгімелер өткізілді. Клубта үгітшілер мен насихатшылар бұрышы бар. Онда ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы әдебиеттер іріктеліп алынған. Сайлаушылар күн сайын клубқа келіп, күнделікті таңертең оқиды, үгітшінің әңгімесін немесе лекция тыңдайды. Ал, клубтың көркемөнер үйірмелері сайлаушыларға арнап ойын-сауықтар көрсетіп, оларды мәдениетті қамтыды.

Явленка совхозының клубы да сайлауға әзірлік күндерінде үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының орталығына айналдырылған. Клубта үгітшілер сайлаушылар үшін лекциялар оқиды, әңгімелер өткізеді. Көпшілікте клуб жанынан ұйымдастырылған хор, көркемөнершілер үйірмелерінің мүшелері сайлаушыларға концерттер береді, спектакльдер көрсетеді.

Көнехов ауданындағы «Нуть Ленина» колхозының клубы мен кітапханасы күн

жақсарту үшін назар аударады.

Колхозда бұзауларды жыл сайын ешбір шығынсыз, әрі қонды өсіріп, табыстарға жетіп жүрген озат бұзау қушылар аз емес. Мысалға П. Гончарова жолдасы алуға болады. Ол быйыл қарауына бекітіліп берілген 12 бұзауды тәуліктік салмақ қосуын 750 грамма жеткізді. Ол әрбір бұзауға 6 айлық, жасқа толғанға дейін 376 литр қою сүт, 580 литр қаймағы алынған сүт, 45 килограмм сулы, арпа жармасы, 15 килограмм кебек және витаминді шөп береді.

СОБП Орталық Комитетінің еліміздің барлық сайлаушыларына арнаған үндеуі колхоз мал өсірушілері арасында қызу қолдау тапты. Олар үндеуге жауап ретінде еңбек қарқынын арттыра отырып, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні коммунистер мен партияда жоғары блоті ұсынған кандидаттарды жақтап, бірауыздан дауыс беруге ұйғарды.

А. БЕЗЗУБОВ,

Шағлы МТС-нің зоотехнигі.

шева, Велик және Калмаков жолдастар сияқты озат жұмысшылар еңбек өнімділігін барынша арттыруға, өндірілетін өнімнің жоғары сапалы болуына жетісуге, февраль айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді.

Б. МУҚАЖАНОВ.

## Үндеуді қызу қостады

Ленин атындағы колхоздың мал өсірушілері (Октябрь ауданы) СОБП Орталық Комитетінің сайлаушыларға арнаған үндеуін еліміздің барлық еңбекшілері сияқты зор қуанышпен қарсы алды. Үндеумен толық танысқаннан кейін олар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына өндірістік тартулармен бару үшін мал қыстату маусымын үлгілі өткізу жолындағы күресті күшейте түсуге міндеттенді. Малшылар К. Байкенов, К. Омаров, М. Жетпісеев жолдастар төлді аман алып, малды шығынсыз өсіруге уәде берді.

Г. МАЛДЫБАЕВ.

сайын көпшілікте сайлаушыларға толық болады. Мұнда сайлаушылар газет, журналдар оқиды, радио хабарларын, үгітшілердің әңгімесін тыңдайды. Клубта сайлаушылардың мәдениетті дем алып, күнбе-күнгі жаналық хабарлармен танысып отыруына толық жағдай жасалған.

Аталған мәдени-ағарту мекемелерінде сайлау алдындағы үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарының ойдағыдай, жоспарлы түрде жүргізіліп отыруы ең алдымен жергілікті партия, совет ұйымдарының бұл мекемелердің жұмысына күнбе-күн көңіл бөліп отыруының нәтижесі екендігі күмәнсіз. Демек, сайлаушылардың мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеуге партия, совет ұйымдары тарапынан жете көңіл бөлініп, тиісті көмек көрсетілген жерде мәдени-ағарту мекемелері үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын идеялық жоғары дәрежеде жүргізіп отырады.

Алайда, көп жерлерде ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына әлі күнге жете көңіл бөлінбей келеді. Соның салдарынан кейбір клубтар, оқу үйлері мен кітапханалар өздерінің жұмысын ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлікке байланысты қайта құра алмай отыр.

Мәселен, Октябрь ауданындағы Ольгинка селосында селолық клубқа арналған үй, онда тұрақты киноустанова бар. Бірақ, клубта село еңбекшілерінің мәдениеті дем алуына, кино, пьеса көруіне, концерт, лекциялар, баяндамалар тыңдауына ешқандай жағдай тұғызылмаған. Клуб ұзақ уақыт бойына астық сарайы орнына пайдаланылып келді. Бірақ, астықтан босатылғаннан кейін де не «Шит» колхозының партия ұйымы (секаретары Чайников жолдас), не селолық Совет клубты селодағы мәдениет орталығына айналдыру жөнінде ешқандай көмек көрсетпеді. Клуб үйі суық, одені кір. Мұнда сайлаушылар үшін әлі күнге бірде-бір рет лекция оқылған жоқ.

Соколов ауданындағы, Калинин атындағы колхоз клубы, Совет ауданындағы «Аралағаш» колхозының, Октябрь

ауданы, Ленин ауылдық Советі жанындағы оқу үйлері жөнінде де осыны айтуға болады. Аталған мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері өз жұмыстарын бүгінгі күннің талабына, сайлаушылардың тілегіне сай ұйымдастыра алмай отыр.

Облысымыздың мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері өздерінің жұмысында болып келген кемшіліктерді дереу жойып, мәдени-ағарту жұмыстарын сайлаушылардың өскелең мәдени тілегіне сай, идеялық жоғары дәрежеде жүргізуге міндетті. Ал, аудандық мәдениет бөлімдері, жергілікті партия, совет ұйымдары клубтар мен кітапханалардың, оқу үйлерінің жұмысына үстірт қараушылықтан дереу арылулары, сөйтіп, олардың жұмысына басшылықты және көмекті мейлінше күшейтулері керек.

Кітапханалар мен оқу үйлері сайлаушылардың мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеумен бірге, үгітшілерді, әңгімешілерді қажетті материалдармен қамтамасыз етіп отыруға тиіс. Сонымен бірге сайлаушыларға кинофильмдер, көркемөнершілердің бұшымен ойын-сауықтар көрсетіп тұруға жете көңіл бөлінісін. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда жергілікті комсомол ұйымдары мәдени ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне өз тараптарынан күнбе-күн көмек көрсетіп отырулары керек.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне қызу әзірлене отырып, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері сайлаушылар арасында Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуін кеңінен оқып, түсіндіруде, еңбекшілерді СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулыларын жүзеге асыру күресіне жұмылдыруда партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсететін болулары керек.

Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын сайлаушылардың тілегіне сай ұйымдастырып, оларды сайлау науқаны кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмыстарының шың мәніндегі орталығына айналдырайық.

Ә. РАҚЫМОВА.



# Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы

АЛМАТЫ, 11 февраль. («Правданың» тілшісі). Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы болып өтті. Пленум СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын орындаудың барысы туралы мәселе талқылады.

Баяндамашы — Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Шахметов жолдас және жарыссөзде сөйлеушілер ауыл шаруашылығының барлық салаларын өсіру үшін республикада зор резервтер бар екенін атап көрсетті. Ауа райының қолайлы жағдайлары, құнарлы жердің көптігі, ұлап-байтақ шалғындықтар мен жайылдықтың астық, мақта, қант қызылшасы, овощ және ваттон өндірісін жылда-жылға арттыруға, жоғары өнімді қоғамдық мал шаруашылығын тез қарқынмен өркендетуге мүмкіндік береді. Мемлекет Қазақстанға іскер маман кадрлар, көзiргi ауылшаруашылық техникасын беріп үлкен көмек көрсетіп келді және көмек көрсетіп отыр.

Дегенмен, Пленумда атап көрсетілгеніндей, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы мен республика Министрлер Советі тарапынан ауыл шаруашылығына іскерлік басшылық болмауы салдарынан зор мүмкіндіктер жеткіліксіз пайдаланылып келеді. Колхоздар мен совхоздардың астық, ет, жүн, овощ, картоп және басқа да ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыруға баяу. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын ойдағыдай орындауды ұйымдастыру үшін қажетті шараларды қолданбады, олар ауылшаруашылығын өркендетудің күрделі мәселелерін шешпей келеді.

Пленумға қатысушылар республикада дәнді және техникалық дақылдардан тұрақты, мол өнім алатын колхоздар мен совхоздар бар, бірақ, олардың тәжірибесі таратылмай отыр деді. Сондықтан республиканың көптеген колхоздары мен совхоздарында егіншілік мәдениетінің төмен болуы, егіннің шығымдылығын арттыру жоспарларының орындалмауы кездейсоқ емес.

Жарыссөзде сөйлеуші Ақмола және Көкшетау облыстық партия комитеттерінің секретарьлары Журиң және Бейсебаев жолдастар, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің председатели Оспанов жолдас астық шаруашылығын ұлғайту үшін сан миллион гектар құнарлы тың және тыңайған жерлерді меңгеру сыяқты резервтерді пайдалану қажеттігі туралы айтты. Республиканың колхоздары мен совхоздары таяудағы 2 жылдың ішінде онша көп шығын жұмсамай-ақ 6 миллион гектардан аса жерге, ең алдымен бидай егіп, елімізге астықты көзiргiден едәуір көп бере алады.

Тың жерлерді меңгеру Қазақстан үшін

мемлекеттік маңызы бар үлкен іс, партия, совет және ауылшаруашылық органдарының жауынгерлік міндеті болып табылады. Бірақ, Пленум көрсеткеніндей, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы және республиканың Министрлер Советі тың және тыңайған жерлерді меңгеру проблемасының зор маңызын жете бағаламаған. Көптеген колхоздардың, бірсыпыра аудандар мен облыстардағы партия және совет органдарының инициативасына қарамастан Қазақстан КП Орталық Комитетінің және республика Министрлер Советінің басшылары егіс көлемін арттырудың баяу қарқынын белгілеп, сонымен қатар көп материалдық шығын жұмсауды татап еткен.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің басшылығы қатты сынға алынды, бұл басшылық суарылатын егіншілікті, әсіресе, Оңтүстік облыстардағы суарылатын егіншілікті ұлғайтып, жақсарту жөнінде қамқорлық жасамаған, бағалы техникалық дақылдар өндірісін, ең алдымен мақта және қант қызылшасы өндірісін арттыруға шара қолданбаған. Жаңа жерлерді суарудың үлкен мүмкіншіліктері пайдаланылмаған.

Пленумда қоғамдық мал шаруашылығына басшылық етудегі ірі кемшіліктен атап көрсетілді. Қазақстан мал санын көбейту және оның өнімділігін арттыру жоспарларын үнемі орындамай келеді. Соңғы жартыжылдықта мал шаруашылығының жағдайы бұрынғыдан жақсарған жоқ. Қызметкерлердің бір бөлегі ішінде «дәстүрлі өзгешеліктер мен жағдайлар себепті» Қазақстанда қоғамдық мал шаруашылығын өсірудің жоғары қарқынын жүзеге асыру мүмкін емес деген сенім әлі де болса өмір сүріп келеді. Кейбір қызметкерлер осындай пікірлермен ауыл шаруашылығын өркендетудің түбірлі проблемаларын өздерінің ойдағыдай шеше білмейтіндіктерін бүркемелеуге тырысады.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі, деді жарыссөзде сөйлеушілер, берік жемішпен қорын жасау үшін іс жүзінде ешнәрсе іетеген жоқ, жеміштің мол ресурстарын неғұрлым дұрыс және тиімді пайдалануға тиісті шара қолданбады. Мал шаруашылығы үшін жемішпен қорын жасауға МТС-тер мен ММШС-тер нашар қатысып келеді. Республикада көпжылдық шөптердің, жүгері, тамыржемістер егісін ұлғайту жөнінде тиісті қамқорлық жасалмай отыр. Мал қораларын салу баяу қарқынмен жүргізілуде. Механикаландыру және сумен жабдықтау мәселелері ойдағыдай шешілмей отыр.

Партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыста ірі кемшіліктер бар. Аудандық партия комитеттерінің МТС жөніндегі қызметкерлерінің топтарын құру ісінде баяулық байқалады. Мұндай топтар құрылған аудандарда аудандық

комитеттердің МТС жөніндегі секретарьлары, аудан орталықтарында отырумен келеді. Көптеген партия ұйымдарында бұқара арасындағы саяси жұмыс, әсіресе колхозшылар мен механизаторлар арасындағы саяси жұмыс нашар жүргізіліп отыр, бұл жұмыс республика колхоздарының, МТС-тері мен совхоздарының алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстырылмайды.

Машина-трактор станциялары мен колхоздар мамандармен нығайтылмаған. Көптеген МТС-терде бас агрономдардың, бас инженерлердің, жөндеу мастерскойлары меңгерушілерінің міндетін әлі де тиісті білімі және тәжірибесі жоқ адамдар атқарып отыр. Колхоздардың председателдерінің құрамын нығайту үшін істелген жұмыс мәрдымсыз.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы мен республикасының Министрлер Советі СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан және ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту қажеттігі туралы сан рет көрсетілген ескертулерден дұрыс қорытынды жасаған жоқ, жұмыстағы елеулі қателіктер мен кемшіліктерді тезінен түзету үшін батыл шаралар қолданбады деп жарыссөзде сөйлеушілер атап көрсетті.

Пленумға қатысушылардың атап көрсеткеніндей, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретарьлары Шахметов, Афанов жолдастар, Министрлер Советінің Председатели Тайбоков жолдас өздеріне айтылған өткір сыннан тиісті сабақ алмады, ауыл шаруашылығын жете білмей, атүсті басшылық етті. Олардың жұмысында басшылықтың кеңесшілік, бюрократтық әдістері басым болды. Олар облыстар мен аудандарда сирек болады, төменгі қызметкерлердің үніне және ұсыныстарына құлақ аспайды, колхоздардағы, совхоздар мен МТС-тердегі істің нақты жайын білмейді.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары Шахметов жолдас өзінің жұмысында активке сүйенбеді, коллективтік басшылықтың принциптерін бұзды, деп жарыссөзде сөйлеушілер атап көрсетті. Көп реттерде қызметкерлер іскерлік және саяси сапасына қарай емес, семьяшылық, тамыр-таныстық қатынастар және жерлестік белгілері бойынша іріктеліп алынған.

Пленум Шахметов жолдасты Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары қызметінен және Афанов жолдасты Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары қызметінен және бюро мүшесілігінен босатты.

Пленум Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары және бюро мүшесі етіп И. Б. Пономаренко жолдасты және Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары және бюро мүшесі етіп Л. И. Брежнев жолдасты сайлады.

(«Правда» 12 февраль).

## КИНО

### Албан халқының ұлттық батыры туралы фильм



СУРЕТТЕ: «Албанияның ұлы жауынгері Скандербег» фильмінен кадр.

Облысымыздың кинотеатр экрандарында көрсетіліп жатқан «Албанияның ұлы жауынгері Скандербег» атты көркемсуретті, түсті жаңа фильм албан халқының ұлттық мақтанышы, халық батыры Скандербегке арналған.

Скандербег бұдан 500 жылдай бұрын өмір сүрген адам. Бірақ оның ісі халық есінде мәңгілікке сақталған. Өз халқын, өз Отанын шын беріле сүйіп, өзінің саналы өмірін оның тәуелсіздігі мен бостандығы жолына арнаған ұлы патриоттың экрандағы бейнесі, оқыйғаның тарихи екендігіне, ертеде болғандығына қарамастан, албан халқының бүгінгі өмірімен үндесіп, астарласып жатады. Негізгі идеялық өзегі албан халқының азаттық жолындағы күресі болып табылатын бұл фильм жауынгер, бостандық сүйгіш халықтың жеңілмес рухани күшін сыйпаттайды.

...Албан князі Гийон Кастриоттың өскерін талқандап, албан жерін ойрандаған түріктер Екінші Мұрат Сұлтанға бұйрығымен княздің 11 жасар ұлы Георгий Кастриотты, ағалары мен бірге Сұлтанға сарайына аманат есебінде алып кетеді.

Арада 20 жыл өтеді. Георгий тамаша қолбасшы, ер жүрек батыр болып өседі. Оның ұлы талантына қызыққан Сұлтан Георгийді өзінің қолбасшысы етеді, «Империяның бірінші қылышы» деген атақ беріп, Албания жерін оған сыйламақ болады. Бірақ жау елдегі аброй, даңқ, байлық оны қызықтырмайды, жалынды патриот түріктердің тепкісінде отырған өз Отанын мәңгі есінде сақтайды. Ол албан халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрес

бұқарасы екендігі, ал, Скандербег жауынгер халықтың ең асыл ізгі қасиеттерін бойына сіңірген, өз халқының мұң-мұқтажын, ой-арманын толық түсінген, сөйтіп халық күресінің қайткенде жеңіске жете алатынын білген халық көсемі екендігі тарихи дұрыс көрсетілген.

Скандербег өз Отанын шексіз сүйген патриот. Ол үшін өмірде ең асыл, ең ізгі бір гана нәрсе бар. Ол — өз Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы. Бұл мақсатты орындауға ол темірдей берік ерік, болаттай нығыз қайратпен кіріседі. Қанды кекті екі руды табыстырып, итше ырылдасқан княздердің басын біріктіреді. Өйткені, «албанның сәмсері тек қана жауды жайратуға тиіс», — дейді ол.

Міне, ССРО халық артисі Хораваның орындауындағы Скандербег көрушілерге нақ осындай дәрежеде сезіледі. Бұл талантты артистің творчестволық зор табысы. Әсіресе, Скандербегтің халықпер тығыз байланыстылығын, оның ылғый жеңіске жете беруінің шын сыры — халықтың ойы мен тілегін орындауға ұмтылғандығында екендігін артист зор творчестволық шеберлікпен шешкен.

Өз мүдделерін халық мүддесіне ұлас тырып, өз халқының бақыты үшін өз махаббаттарын құрбан еткен қыз Малица (артистка А. Алибали) мен еңбек сүйгіш Пальдің (артист Н. Фрашери) бейнелері фильмдегі сәтті шыққан образдардың бірі. Ал артистка В. Анджапаридзенің орындауындағы қарт ана Дафинаның бейнесі зор психологиялық шеберлікте берілген. Әсіресе оның ру арасындағы қанды кектің құрбаны болып өлген ұлының сүйегін көрген кез

## «БЕЙБІТШІЛІК ІСІНЕ ҚОСЫЛҒАН НАҒЫЗ ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСТЕРДІҢ БІРІ»

Великобритания Компартиясы саяси комитетінің мәлімдемесі.

ЛОНДОН, 12 февраль. (СОТА). Великобритания Компартиясының саяси комитеті мәлімдеме жариялады, онда төрт держава сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінде Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы В. М. Молотов енгізген ұсыныстар екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бергі уақыттың ішіндегі бейбітшілік ісіне қосылған нағыз елеулі үлестердің бірі болып табылатындығы атап көрсетіледі. «Бұл ұсыныстар, — делінген мәлімдемеде, — Герман милитаризмінің агрессияшыл хауіпін болдырмай және барлық европа халықтарының мүдделерін қорғауға жеткізетін, Европада шын мағнасындағы реттеулерге жетісуге мүмкіншілік береді. Англия бұл ұсыныстардың ерекше назар аударылып қаралуына мүдделі. Көзiрдiң өзiнде-ақ ресми ағылшын өкілдері істеп отырғанындай, бұл ұсыныстар туралы ойланбастан олардан бастартуға тырысу — дүние жүзі халықтарына қарсы, соның ішінде ағылшын халқына қарсы қылмыс. Бұрынғыдан да бетер көзiр совет ұсыныстарының негiзiнде шын мағнасындағы келiссөздердi жүргiзуге жетiсу үшін науқанды кеңiнен өрiстетiп жұртшылық өзiнiң пікірін айтуға тиіс».

## «БЕЙБІТШІЛІК ІСІНЕ СОВЕТ ОДАҒЫ ҚОСҚАН ЖАҢА ҮЛЕС»

РИМ, 11 февраль. (СОТА). Италияның барлық прогресшіл баспасөзі «Европада коллективтік хауіпсіздік туралы жаппай европалық договор жасасу туралы» В. М. Молотовтың ұсынысына зор назар аударуда. «Унита» газеті В. М. Молотовтың ұсынысын толық жариялап, оған өзінің басмақаласын арнады.

«Аванти» газеті «Молотов азап шегіп отырған Европа континенті проблемаларының бейбітшіл жаңа перспективаларын және ұзақ уақыт реттеудің жаңа жолдарын ашты... Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне Совет Одағы қосқан жаңа үлестің орасан мәнісі совет ұсыныстарынан анық көрініп отыр» деп жазады.

## ГЕРМАН МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ БИВЕННІҢ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 12 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігі лейборист партиясы басшыларының бірі Эньюрин Бивен «Трибюн» журналында басылған мақаласында Германияның «араласпау негізінде» бірігуін жақтап, мұны герман мәселесін шешудің жалғыз ғана тәсілі деп есептейтіндігін хабарлайды.

Бивен, егер батыс державалар соғыс тұрғысынан қарап, Германияны өздерінің қатарына қосуды қасарысып жақтайтын болса, ешқашан да Германияның

## Пленум қаулысын орындаудағы елеулі



## КЕМШІЛІКШЕР МЕЗ ЖОЙЫЛСЫН

Қалалық партия активінің жыйналысы болды. «СОКП Орталық Комитетінің сентабры Пленумының қаулысын орындаудың барысы туралы ҚКП Орталық Комитетінің IX пленумының қорытындылары туралы» облыстық партия комитетінің секретары Попадьюко жолдас баяндама жасады.

Баяндаманы Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы және республиканың Министрлер Советі СОКП Орталық Комитетінің сентабры Пленумының қаулысынан және партия мен үкметтің мұнан кейінгі қаулыларынан дұрыс қорытынды шығармады, деді. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің бірнеше ескертулеріне қарамастан ауыл шаруашылығына басшылық жасаудағы елеулі кемшіліктер мен қателіктерді жою жөнінде шешуші шаралар қолданбады. Пленум Шаяхметов жолдасты ҚКП Орталық Комитетінің бірінші секретары міндетінен, Афионов жолдасты ҚКП Орталық Комитетінің екінші секретары міндетінен және бюро мүшелігінен босатты. Пленум ҚКП Орталық Комитетінің бірінші секретары және бюро мүшесі етіп, П. Б. Пономаренко жолдасты, екінші секретары және бюро мүшесі етіп Л. И. Брезнев жолдасты сайлады.

Жыйналыс ҚКП Орталық Комитетінің IX пленумының қаулысын бірауыздан қуаттап, Солтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылығының артта қалу себептерін атап көрсетті.

Жыйналысқа қатысушылар ұйымдастыру жұмысының материалдық жағдайлар мен мүмкіндіктер өзін-өзі тиісті нәтиже бермейтінін дұрыс айтты. Ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету, жүздеген гектар тың және тыңайған жерлерді игеру, МТС-тердің жұмысын түбірінен қайта құру міндеттері қаланың селоба көмегі күшейтуді талап етеді.

—Біздің қаланың селоба көмегі мүлде жеткіліксіз, — деді қалалық партия комитетінің секретары Полипов жолдас. — Мамандарды іріктеп алу, оларды колхоздарға және МТС-терге жіберу жұмысы баяу жүргізілуде. Қаланың кәсіпорында-

ры мен ұйымдары өздерінің қамқорлығындағы колхоздарда мал фермаларын механизандыру, азық және ояу қоймаларын салу жұмысымен шұғылданбай отыр. Петропавлдың құрылыс ұйымдары екі жылдың ішінде 4 МТС-те ондаған түрлі үйлер салуға тиіс. Алайда, бұл жұмысқа әзірлік жүргізілмей келеді. Бұған төзуге болмайды.

Қала өнеркәсіп орындарында 200 қуатты вейла және 200 шөп маялағыштар әзірлеу ұйғарылды. Бірақ, не пайда, мұндай бағалы инициатива жүзеге баяу асырылуда.

—Облыстық Совет атқомі, председателінің орынбасары Калинин жолдас бұл жұмыстың орындалуын бақылауға тиіс еді, — деді Лашков жолдас, — бірақ ол өнеркәсіп орындарына тым болмаса телефон соғып, вейлақалардың үлгілерін даярлауда қандай қиыншылықтар кездесіп отырғанын білуді қажет деп те таппады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Синичкин жолдас мынаны мәлімдеді:

—Шағын двигателдер заводының директоры Сердюков жолдас қалалық партия комитетінің пленумында сөз сөйлеп, облыс МТС-тері үшін радиаторлар және басқа да бөлшектер әзірлеу жөнінде уәде берген еді. Алайда, ол пленумнан шығысымен өзінің уәдесін ұмытып кетті. Қалалық партия комитетінің мұндай басшыларға талапты күшейтуі қажет.

Үстіміздегі жылы өткен жылға қарағанда МТС-тердің жұмыс көлемі біржарым миллион гектар өсіп отыр. Осыған байланысты механизатор кадрларын дайындау маңызды іс болып саналады. Паровоз депосы комсомолдерінің бастамасы бойынша қаланың жас жігіттері мен қыздары тракторшы болуға тілек білдіріп, жаңа мамандық алуға. Мәселе жас механизаторларды даярлау ісін мықтап қолға алуға болып отыр.

Қала кәсіпорындарында жұмыс істеп жүрген механизаторларды МТС-терге қайтару жұмысы мүлдем жеткіліксіз.

—Тек Петропавл темір жол бөлімшесінде, — деп мәлімдеді Кочемировский жолдас, — 140 тракторшылар мен ком-

байншылар өздерінің мамандықтары бойынша жұмыс істемей отыр. Олармен біз түсінік жұмыстарын әлі де жеткіліксіз жүргізіп отырмыз. Осы сыяқты, қалада көптеген агрономдар, зоотехниктер бар.

Паровоз депосының бастығы Поляков жолдас өзінің сөзінде депоның қамқорлыққа алған Полудень МТС-іне көмегін айтты. Паровозшылар трактор отрядтарын қамту үшін жылжымалы жөндеу агрегаттарын дайындауға кірісті. МТС мастерскойында орталық жылу установкасын орнату үшін резервтер іздестірілуде.

Бірқатар сөз сөйлеушілер кәсіпорындарының, сондай-ақ сауда ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерге тоқталды. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты, «Комсомолка» тігін фабрикасы, аяқкиім фабрикасы және басқа бірқатар кәсіпорындары январь айында өндірістік жоспарды орындамады. Жылу электр орталығының басшылары Болатов және Кукушкин жолдастар қала кәсіпорындарын электр қуатымен қамтамасыз ету жөнінде тиісті тәртіп орнатқан жоқ.

Мемлекеттік банктің облыстық басқармасының бастығы Применко жолдас шығын двигателдер заводы мен аяқкиім фабрикасының директорлары Сердюков және Гаев жолдастарды батыл сынға алды. Олар қаржыны үнемдеп жұмсау міндетін қамтамасыз ете алмай келеді, деді. Мұнан кейін Применко жолдас сауда жұмысын ұйымдастыруда елеулі кемшілікке жол беріп отырған қалалық сауда мекемесінің директоры Шеголев жолдасты сынады.

Жыйналыста облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдас сөз сөйледі. Ол СОКП Орталық Комитетінің сентабры Пленумының қаулысын насихаттаудағы елеулі кемшіліктерге, әсіресе, саяси және ғылыми білімдерді тарату қоғамының облыстық бөлімшесінің, облыстық лекциялық бюроның және облыстық ауыл шаруашылығы насихат басқармасының жұмыстарындағы елеулі кемшіліктерге тоқталды.

Жыйналыс талқыланған мәселе жөнінде тиісті қарар қабылдады.

### Ақмолада партия активінің жыйналысы

АҚМОЛА, 12 февраль. Мұнда облыстық партия активінің жыйналысы болды. Жыйналыс СОКП Орталық Комитеті сентабры Пленумының қаулысын орындаудың барысы туралы облыстық партия комитетінің секретары Журиң жолдастың баяндамасын талқылады.

Баяндаманы және жарыссөзде сөз сөйлеушілер кейбір колхоздар мен МТС-тер және совхоздардың қоғамдық шаруашылықты, әсіресе, мал шаруашылығын жан-жақты өркендету үшін табиғаттың бай мүмкіншіліктерін толығырақ пайдаланатын болғанын атап көрсетті.

Жыйналысқа қатысушылар тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесіне көп назар аударды. Ақмола, Вишнево, Атбасар аудандарының алдыңғы қатарлы колхоздары өткен жылы жаңа жерлерді жырту есебінен егістің көлемін бірқатар кеңейтті, сойтіп, астық өндіруді арттырды. Облыста тың жерлерді игеруге әзірлік кеңінен өрістеуде. Колхоздарға және жанадал ұйымдастырылған совхоздарға жаңа жерлерді бөлу аяқталды.

Қарағанды темір жол басқармасы партия ұйымының секретары Выгушин, Сталинск-Магнитогорск магистралы құ-

рылысының саясаттық бөлімінің бастығы Никитинко және басқа шешендер өнеркәсіп орындарының колхоздарға қамқорлығы туралы айтты.

Жыйналыста Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары П. К. Пономаренко жолдас ұзақ сөз сөйледі. Пономаренко жолдас жер байлығын, шабындық жерлер мен жайылымдық жерлерді жақсы пайдаланудың қажеттігіне тоқталып, Қазақстанда мал шаруашылығын оған әрі өркендету жөніндегі шараларды сыпаттады.

сін ұйымдастыру мақсатымен өз еліне келеді.

—Ерлік пен бостандыққа деген сүйіспеншілігін сақтаған халық ешпақытта да жоғалмайды, — дейді Скандерберг. Бұл дана сөзді ол өз ісімен дәлелдеп шығады. Албан халқы Скандерберттің басшылығымен түріктерді 8 рет жеңіп, өз тәуелсіздіктерін сақтайды. Фильмнің қысқаша мазмұны осындай.

Фильмнің оқыйға желісі басты кейіпкер Скандерберттің (артист А. Хорава) маңында дамыйды. Бірақ мұнда тек бір адамның өмірі ғана көрсетілмейді, албан халқының сол кездегі күресі, өмірі, ұлттық ерекшеліктері толық суреттеледі. Әсіресе фильмнің жеке адамдар мен халықтың тарихтағы ролін дұрыс шешуі оның зор табысы деуіміз керек. Фильмде тарихтың қозғаушы күші халық

\* «Албанияның ұлы жауынгері Скандерберг». Сценарий М. Папананики, постановканы түсірген С. Юткевич, бас оператор Е. Андрианини, суретші И. Шпинель, музыкасы Ю. Свиридов пен Ч. Задеяники. Фильмді «Мосфильм» киностудиясы мен «Новая Албания» мемлекеттік киностудиясы жасаған.

### Қозы күтушілер үшін лекция

Приемім ауданындағы Қызылөскер совхозында саулықтар төлдей бастады. Алынған қозылар күнібұрын әзірленген жайлы қораларға орналастырылып, жақсы күтілуде.

Жуырда қозы күтушілер үшін совхоздың аға зоотехнигі Е. А. Пысбаев жолдас

дегі көрінісі көрушілерді толқытады. Фильмдегі жағымсыз кейіпкерлердің образдары да ойдағыдай шыққан. Бұлардың қатарына әсіресе, сатылғыш Гамзаның (артист С. Соколовский), венеция Дожиның (артист А. Вертинский) образдарын қосуға болады.

Сол сыяқты, фильмнің музыкасы өте бай. Әсіресе, албанның бай халық өндері фильмнің идеялық және композициялық желісіне үндесіп, бостандық жолындағы халық күресін толықтырып, айқындай түседі.

«Албанияның ұлы жауынгері Скандерберг» фильмі албан халқының мәдени өміріндегі аса зор оқыйға. Совет және Албания киномагистратурасы шеберлерінің творчестволық бірігуі нәтижесінде жасалған бұл фильм бостандық сүйіні албан халқының күресі мен ұлттық батырының тамаша бейнесін суреттеумен қатар, екі елдің күннен-күнге нығайып отырған шын достығының тағы да бір бейнесі болып табылады.

Туысқан халықтың ұлттық батыры туралы фильмді облыс еңбекшілері зор ынталылықпен қызыға көруде.

Т. КӘКІМОВ.

«Қозы өсірудің озат әдістері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамадан кейін озат қозы күтушілер шығын сөйлеп, өздерінің іс тәжірибелерін ортаға салды.

Қ. ӘДІЛШИН,  
Совхоз партия ұйымының секретары.

#### ҚАРТ ШЕБЕРДІҢ ТАБЫСЫ

Қарт колхозшы А. Бабасов жолдас бірнеше жылдан бері Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозында ағаш шебері болып жұмыс істеп келеді. Жасының 70-ке келгеніне қарамастан ол колхоз өндірісіне белсене қатысуда. Қарт шебер көзінде өзінде 10 бричка, 20 жегу әбзелін саналы

жөзлеп шығарды. Ол ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне дейін колхоздың барлық құрал-саймандарын жөндеуге міндеттеніп отыр.

Е. ҚАЛИЕВ,  
С. ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ.

#### ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМЫНА (1952 ЖЫЛ ШЫҒАРЫЛУЫ) ЖАЗЫЛУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемін (1952 жыл шығарылуы) тарату шарттарына сәйкес осы жылғы 31 мартта бұл заемның облигацияларын тапсыру мерзімі аяқталады.

Облигацияларын деркезінде ала алмаған заемға жазылушылар облигацияларын өздері жазылған жердегі орталық жыйнақ кассаларынан алады.

Облигацияларын алу үшін жұмысшылар мен қызметшілердің қолында төлеген заем жарнасының сомасы туралы кәсіпорыннан алған, ал, колхозшылардың қолында № 52 үлгі болуы керек.

1954 жылғы 1 апрельден бастап заемға жазылушылар бұл заемның облигацияларын алу правосынан айрылады.

Осы заем бойынша кезекті 3 ұтыс тиражы 1954 жылғы 23 майда өткізіледі.

**Мемлекеттік жыйнақ кассалары мен мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасы.**

«Қазақстанның 10 жылдығы» артеліне шеберлер, қамыт-саймандар жасаушылар керек.

Сол сыяқты қамыт-саймандар жасауға үйренушілер қабылданады. Артель өз материалмен жегу әбзелдерін дайындап беру үшін заңдар қабылдайды.

Адрес: Петропавл қаласы, Базарбаев көшесі, 52-үй.

өрігуіне жетісуге болмайды, деп мәлімдейді.

#### ЖАПОН ШАХТЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ШАНХАЙ, 12 февраль. (СОТА). Бүгін Жапонияның 15 ірі көмір компанияларының 180 мыңға жуық шахтерлері өздерінің жалақыны арттыру туралы талаптарын қолдау ретінде 48 сағаттық ереуіл жариялады. Ереуілге қатарында 260 мың мүшесі бар көмір өнеркәсібі жұмысшыларының ұлттық одағы басшылық етеді. Осы ереуілдің нәтижесінде Жапонияда көмір өндіру іс жүзінде тоқтатылған.

Одақ басшылығы, егер компаниялардың әкімшілік иелері жалақыны арттыру жөніндегі шахтерлердің талабын қанағаттандырмайтын болса, көмір тиеуде жүрген жұмысшылардың 48 сағаттық ереуілін 15, 19, 22 және 25 февральда өткізуді ұйғарды.

#### ИНДОНЕЗИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ӨЗ ПРАВОЛАРЫ ҮШІН КҮРЕСІ

ДЖАКАРТА, 12 февраль. (СОТА). «Мердека» газетінің хабарына қарағанда, Индонезияның көптеген порттарында жұмысшылар жалақының арттырылуын талап етіп, ереуіл жариялаған. Джакарта портында шетелдік 9 компанияның 25 мың жұк тиеушілері ереуіл жасауда. Ереуілдің нәтижесінде елдің ең үлкен порты Семарангте жұмыс толық тоқтатылған.

Газеттер жалақыны арттыру үшін болып жатқан порт жұмысшыларының күресі Индонезия кәсіподақтарының Орталық федерациясының басшылығымен жүріп жатқандығын хабарлайды.

Редактордың орынбасары  
Г. НҰРМОЛДИН.

## Киноларда

#### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

**«АЛБАНИЯНЫҢ ҰЛЫ  
ЖАУЫНГЕРІ СКАНДЕРБЕГ»**  
Сеанстар сағат 10, 12-15, 2-30, 4-45,  
7, 9-15, 11-де басталады.

#### «ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

**«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»**  
Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,20-да  
басталады.

Петропавл қаласы, Жол қатынас министрлігінің № 119 үйінде тұрушы Надежда Ивановна Синцидина Николай Степанович Синцидинен айрылатыны жөнінде арыз биді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.